

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 2 қазандағы № 17-02/489 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 2 қарашада № 8053 тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын өңдеу және тіркеу (қайта тіркеу) қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 298 бұйрығындағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 6248 болып тіркелген, 2010 жылғы 30 қарашадағы «Егемен Қазақстан» газетіне № 506-512 (26355) болып жарияланған):

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 8-бабының 6-1) тармақшасын және 25-бабын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын өңдеу және тіркеу (қайта тіркеу) қағидасындағы:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. ЕҚТА паспортын әзірлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе ЕҚТА құру және кеңейту туралы облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары шешім қабылдағаннан кейін ЕҚТА құрудың және кеңейтудің техника-экономикалық және жаратылыстану-ғылыми негіздемесіне сәйкес алты ай ішінде жүргізіледі.»;

7-тармақ алып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Орталық атқарушы немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары әзірлейді және өздерінің қарауындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ЕҚТА паспорттарын бекітеді және оларды тіркеуге (қайта тіркеуге) уәкілетті органға береді.

Уәкілетті орган келіп түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде ЕҚТА

п а с п о р т а р ы н

т і р к е й д і .

Берілген паспорт осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган 20 күнтізбелік күн ішінде ЕҚТА паспортын орталық атқарушы немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына _____ пысықтауға _____ жібереді.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. ЕҚТА паспортын тіркеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары ЕҚТА құру және кеңейту туралы шешімдері қабылданғаннан кейін жүргізіледі.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) _____ қағидасының _____ 1-қосымшасындағы:

5.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5.3 ЕҚТА-ның жалпы алаңы _____ га (табиғат қорғау ұйымының алаңы тұрақты жер пайдалану құқығының мемлекеттік актілеріне сәйкес; мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің, мемлекеттік табиғи қаумалдардың, мемлекеттік қорық аймақтарының алаңы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, ЕҚТА құру туралы астананың жергілікті атқарушы органдарының шешіміне сәйкес беріледі)»;

5.4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5.4. ЕҚТА қорғау аймағының алаңы-_____ га

(ЕҚТА қорғау аймағын белгілеу туралы облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы шешімінің атауы, _____ нөмірі _____ мен _____ күні _____ көрсетіледі)»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын өңдеу және тіркеу (қайта тіркеу) _____ қағидаға _____ 2-қосымшаға _____ сәйкес:

5-бағанның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру немесе кеңейту бойынша нормативтік құқықтық актінің күні және нөмірі».

2) «Жеке тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда болу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010 жылғы 1 қыркүйектегі № 555 бұйрығындағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6530 болып тіркелген, 2011 жылғы 18 наурыздағы «

Егемен Қазақстан» газетіне № 94-97 (26499) болып жарияланған):
бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 8-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда болу қағидасындағы:

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«1) ЕҚТА орман және дала жолдарымен, жалпы жұрт пайдаланатын жолдармен және экскурсиялық маршруттардың арнайы жолдарымен, механикаландырылған көлікпен және салт атпен жүру, қорықтық күзет режимі бар учаскелерден басқа, арнайы жабдықталған орындарда аялдау;»;
б - т а р м а қ т а ғ ы :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«2) ЕҚТА орман және дала жолдарымен, жалпы жұрт пайдаланатын жолдардан немесе арнайы экскурсиялық соқпақтар мен туристік маршруттардан тыс жерлерге келіп кіруге және олар арқылы жүріп өтуге;»;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«20) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қарашадағы № 1270 бұйрығымен бекітілген шудың және өзге де жасанды акустикалық әсерлердің нормаларына сәйкес қоршаған ортаға шу шығаратын және басқа да акустикалық әсерлерді қолдану;» .

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оны алғаш ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков